



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

13.12.2023 № 2-010324-23-98986

ДЗ-421 16.11.2023

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Н.С. Шаталовқа,
Д.Т. Мұқаевқа,
С.М. Понамаревқа

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура сіздер ұсынған құқық үстемдігі және құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік туралы жолданымды қарады, онда баяндалған бастамалар толығымен қолдау тапты.

Мемлекет басшысының және оның Әкімшілігінің тапсырмаларын орындау шеңберінде құқық қорғау органдары құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз ету, вандализм фактілерінің жолын кесу, қоғамда тәртіпсіз және мәдениетсіз мінез-құлыққа жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауда.

Құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті арттыру мақсатында кешенді шаралар, оның ішінде полицияның кешенді күштері нарядтарының қоғамдық орындарда тұрақты болу қағидатын енгізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда.

Анықтама ретінде: қалалар мен басқа да елді мекендерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін тәулік сайын 14,5 мыңға жуық полиция қызметкері, оның ішінде 6,9 мыңнан астам патрульдік полиция қызметкері және 4,6 мың Ұлттық ұлан әскери қызметшісі жұмылдырылады.

Жалпы, 2022 жылғы конституциялық реформа прокурорлық қадағалаудың көлемі мен шегін алдын ала айқындады және нақты белгіледі.

«Прокуратура туралы» Конституциялық заңда көзделген құқықтық негіздер азаматтар мен бизнестің құқықтарын, сондай-ақ мемлекеттің мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, бұзушылықтарды анықтау өз алдына мақсат емес, барлық деңгейдегі прокурорлар, бірінші кезекте олардың пайда болуының алғышарттарын жоюға бағытталған.

Барлық жоғары қадағалау тәсілдерінің мақсаты қоғамдағы ең өткір проблемаларды шешуге бағытталған.

Бұған уәкілетті органдармен тығыз іс-қимыл жасасу және азаматтық қоғам институттарымен ашық диалогқа шығу арқылы қол жеткізіледі.

Мысалы, Бас прокуратура алаңында бизнес-қоғамдастықпен және Үкіметпен бірлесіп өткізілген форум шеңберінде бизнесті қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдардың кешенді жоспары бекітілді.

Бұл тәсіл өзінің тиімділігін көрсетті.

Салық бұйрықтарын шығару практикасы зерделенді (олар тек жеке тұлғаларға ғана қойылуы мүмкін) және олардың заңға қайшы жеке кәсіпкерлерге, мүгедектерге және тіпті қайтыс болғандарға қатысты шығарылғаны анықталды.

Біздің ұсынуымыз бойынша 21 мың бұйрықтың күші жойылды, 13 мың атқарушылық іс жүргізу тоқтатылды.

Ағымдағы жылдың наурыз айында Мемлекеттік кірістер комитеті өзінің базасын жаңғыртқан және алдағы уақытта енді мұндай фактілерге жол берілмейді (бұйрықтар тек жеке тұлғаларға қатысты шығарылады, оларды шығару практикасы автоматтандырылған және қателерді болдырмайды).

Әр өңірде 24/7 режимінде бизнесті қорғау бойынша мобильді топтар (объектіге бару арқылы) жұмыс істейді.

Ағымдағы жылы оларға 1380 кәсіпкер жүгінді, әрбір бесінші факті өз растауын тапты.

5 министрліктің атына наразылық енгізу арқылы 5 мыңға жуық заңсыз жоспарланған тексерулердің күші жойылды.

Елдегі халықтың 40% -ке жуығы ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, Бас прокуратура пайшылардың, жайылымдардың қолжетімділігі мен жерді бөлу мәселелеріне ерекше назар аударады.

Анықтама ретінде: прокурорлар жоспарлы жұмыс барысында соңғы 4 жылда ел бойынша 27,8 млн гектарға 60 мың бос жатқан және заңсыз берілген учаскелерді белгіледі, оның ішінде мемлекетке 15,7 млн гектар қайтарылды немесе игеру басталды. Пайшыларға 546 мың гектар қайтарылды.

Жалпы, прокуратура органдарының жұмысы жоғарыда айтылғандармен шектелмейді.

Денсаулық сақтау, мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау, құрылыс, жұмыспен қамту және еңбек, тариф белгілеу, табиғатты қорғау, жер қойнауы және т. б. салаларда бірқатар нәтижелі іс-шаралар өткізілді.

Үкіметке заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы **6** ұсыну енгізілді, Мемлекет басшысына әртүрлі мәселелер бойынша **16** ақпарат енгізілді.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы қадағалау қызметінің нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде жарияланады.

Ең көлемді және маңызды іс-шаралар жұртшылықты, депутаттық корпусты және мүдделі мемлекеттік органдарды шақырумен өткізіледі.

Ағымдағы жылдың маусым айында Бас прокуратура алаңында әлеуметтік-экономикалық саладағы қадағалау қызметінің нәтижелері туралы Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшелеріне ақпарат берілді.

Осылайша, прокуратура органдары кез келген бұзушылықтарға, оның ішінде мемлекеттің құқықтық саясаты тұжырымдамасының міндеттерін, Президенттің тапсырмалары мен қоғамның сұрау салуларын орындау шеңберінде түбегейлі ден қоя отырып, азаматтардың, бизнес пен мемлекеттің құқықтарының заңдылығы мен сақталуына жоғары қадағалауды қамтамасыз етуде.

Б. Асыллов